

"Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдарының түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 306 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 13 қазандағы № 445 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 қазанда № 5115 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 230 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 04.07.2017 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 204 "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің энтомофагтардың және биопрепараттардың құны субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13717 тіркелген бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдарының түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 306 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5021 тіркелген, 2016 жылғы 4-5 тамызда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдарының түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті н о р м а л а р ы :

осы қаулының қосымшасына сәйкес 41, 42, 43 және 44 жолдарымен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары
М.С. Жұмағазиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2016 жылғы 13 қазандағы
№ 445 қаулысына қосымша

41.	Видмастер 480, сулы ерітінді (дикамба, 124 г/л + 2,4 Д, 357 г/л)	литр	50	2 100
42.	Гроза 60%, эмульсия концентраты (2-этилгексил эфири 2,4 дихлорфеноксиуксус Қышқылы 600 г/л)	литр	50	1 807
43.	Триумф, 48% сулы ерітінді (глифосат, 360 г/л)	литр	50	1 500
44.	Фенизан, сулы ерітінді (дикамба, 360 г/л + хлорсульфурон 22,2 г/л)	килограмм	50	4 680